



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Г.Сулейменова

Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің 2020-2021 оқу жылындағы ғылыми -әдістемелік істер бойынша атқарылатын жылдық жұмыс жоспары

Ғылыми әдістемелік жұмыс-оқу-тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін игеріп,оны сабақ пен сыныптан тыс шараларда қолдануға ,оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдастырудың жаңа,тиімді әдіс-формаларын іздеу бағытында мектеп әкімшілігінің мұғалімдерімен бірлесіп өткізетін іс-шаралардың жиынтығы.

Мақсаты:Озат тәжірибені зерттеп жинақтау,тарату,мектеп әкімшілігімен ұстаздардың кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін арттыру,пән мұғалімдеріне оқытудың тиімді технологияларын мектеп тәрбиесінде сатылап ендірі.

Міндеттер:

1. Мұғалімдерге оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің және дамытудың қағидалары мен әдістемелік тәсілдерін жүзеге асыру көмек беру.
2. Мұғалімдерді педагогикалық бағыттағы шығармашылық ізденіске тарту.
3. Барлық типтегі сабақтарды өткізудің жоғары әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету.
4. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларды жетілдіру.
5. Жаңа талаптарға сай (12 жылдық,білім беру) жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау.
6. Оқыту әдіс-формаларын жетілдіру,тиімді жолдарын іздестіру.
7. Біліктілікті көтеру,ғылыми-зерттеушілік,эксперименттік-тәжірибелік,мұғалімдердің өз бетімен білімін жетілдіру және тәсілдер мен оқушылардың шығармашылық әрекетін басқару.